

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ГУМАНИЗМ ИДЕАЛДАРЫ АЯСЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІ*

¹Калишева Н.Х., ²Нүсіпова Г.И.*

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

²ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты

(Алматы, Қазақстан)

¹kalish29@mail.ru, ²gulnussipova@gmail.com

¹Kalisheva N., ²Nussipova G.*

¹Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

²Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK

(Almaty, Kazakhstan)

¹kalish29@mail.ru, ²gulnussipova@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің саяси-құқықтық көзқарастары жалпыадамзаттық гуманизм идеяларын бекіту тұрғысынан жан-жақты талданады. Осы контексте адамдарды басқару қағидаттары мен тетіктерін айқындауға, саяси бірлестіктер қызметі арқылы бақытқа жету жолдарын табуға ықпал ететін түрлі саяси қауымдастықтардың қызмет ету ұстанымдары мен нормалары қарастырылады. Ерекше назар адамның әлеуметтену мәселелеріне, қоғамның қалыптасу тәсілдері мен қоғамдық тұрақтылық факторларына аударылады. Мақалада әл-Фараби философиясының негізгі категориялары еркіндік, әділеттілік, ізгілік, бақыт және ақыл-ойы талданады. Бұл ұғымдар ойшылдың кемел қоғам және «қайырымды қала» туралы ілімінің адамгершілік-гуманистік негізін құрайды. Әл-Фараби мемлекетті жалпы бақытқа жетудің құралы, ал билеушіні – белсенді ақылдың, даналық пен парасаттылықтың иесі ретінде қарастырады.

Сондай-ақ, әл-Фарабидің дінге қатысты көзқарастары да талданады. Ол дінді ағартушылықтың бір тармағы ретінде түсіндіреді және әртүрлі наным-сенімдердің қатар өмір сүруін мүмкін деп санайды. Антикалық және исламдық зияткерлік дәстүрлерді үйлесімді біріктіре білген әл-Фараби философиясы адамдардың бақытқа, рухани кемелдікке және еркін таңдау құқығына деген теңдігін бекітеді. Ойшылдың ақыл-ой, әділеттілік және адамгершілікке негізделген басқару туралы идеялары қазіргі заманғы гуманистік және әлеуметтік-философиялық ізденістер контекстінде өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Түйін сөздер: әл-Фараби, саясат, дін, қоғам, ізгілік, адамгершілік, бақыт.

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ: АУДАРМАЛАР ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУЛЕР

* Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылған (Грант АР26199931 «Түркі-қазақ философиялық дәстүрі: қазіргі қазақстандық қоғамның трансформациялану үдерісіндегі негізгі идеялар мен басымдылықтары»).

*Автор-корреспондент - Нүсіпова Г.И., gulnussipova@gmail.com

Kіріспе

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасы көптеген ғасырлар бойы өзінің құндылығы мен өзектілігін жоғалтпай, саяси, мәдени және рухани тарихты зерттеушілер назарында сақталып келеді. Ол адамзат өркениетінің даму тарихында ерекше орын алып, философиялық ойдың қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Әл-Фарабидің қоғамдық-саяси көзқарастары - бүкіл адамзаттың бақыты мен игілігіне бағытталған, Ғалам үйлесімділігінің әмбебап заңдылықтарына негізделген мінсіз қоғамдық құрылымның жобасы ретінде қарастырылады. Ойшылдың саясат, мемлекет және билік туралы ілімінде қоғам мен мемлекеттің пайда болуы, олардың ұйымдасу принциптері мен басқару түрлері жан-жақты талданған. Бұл еңбектер әл-Фарабидің өз дәуірінің әлеуметтік және адамгершілік мәселелерін шешуге ұмтылғанын көрсетеді. Ол қоғам өмірінен оқшау болмаған, қайта заманының маңызды қоғамдық процестерінің бел ортасында өмір сүріп, адам мен қоғамның жетілуі жөніндегі ілімін терең пайымдаған. Философтар билік басында тікелей қызмет атқармағанымен, билік иелеріне жақын жүріп, саяси өмірді бақылау арқылы өз дәуірінің әлеуметтік мәселелерін терең түсіне алған. Тарихи деректерге сүйенсек, әл-Фараби Халеп (Алеппо) сұлтаны Сайф ад-Даула сарайында өмір сүрген [1]. Дегенмен, кейбір зерттеушілердің пікірінше, әл-Фараби аскеттік өмір салтын ұстанып, саяси қызметке қатысудан бас тартқан, билік иелерінен бойын аулақ ұстаған. Соған қарамастан, ол ислам философиясы тарихында саясат туралы ең көп еңбек жазған ойшыл болып саналады. Мың жылдан астам уақыт өтсе де, оның саяси идеялары исламдық саяси ойдың биік үлгісі ретінде бағаланып келеді [2].

Зерттеу әдіснамасы

Жұмыстың әдіснамалық негізін тарихи-философиялық және салыстырмалы талдау әдістері құрайды, сонымен қатар әл-Фарабидің саяси-құқықтық көзқарастары оның философиялық трактаттарына мәтіндік және жүйелік талдау жасау арқылы қарастырылды. Ойшылдың идеялары антикалық және исламдық философиялық дәстүрлермен салыстырмалы түрде саралай отырып, олардың өзара сабақтастығы мен айырмашылықтары айқындалды, тарихи-генетикалық әдіс арқылы әл-Фарабидің саяси ілімінің қалыптасуына әсер еткен әлеуметтік-мәдени және рухани алғышарттар талданды.

Әл-Фарабидің саяси және құқықтық көзқарастарының философиялық негіздері

Әл-Фарабидің саяси-құқықтық көзқарастары оның бірқатар еңбектерінде: «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Азаматтық саясат», «Мемлекет қайраткерінің афоризмдері», «Бақытқа жету жолын көрсету», «Бақытқа қол жеткізу туралы», сондай-ақ Платонның «Заңдар» атты еңбегіне жазған түсіндірмелерінде жүйелі түрде баяндалады. Бұл трактаттарында ойшыл әлем мен адамзат қоғамының біртұтастығы, адам бойындағы азаматтық

қасиеттердің дамуына негіз болатын ұжымшылдық қағидасы және мақсаттылық ұстанымы сияқты жалпыфилософиялық ұстанымдарға сүйенеді.

Әл-Фарабидің саяси идеялары Платон мен Аристотель негізін қалаған антикалық дәстүрдің заңды жалғасы болып табылады. Оның пікірінше, саясаттың басты мақсаты – қайырымды (ізгілікті) басқаруды ұйымдастыру мен сақтаудың жолдарын, сондай-ақ, Ізгілік пен Бақытқа жетудің тәсілдерін зерттеу. Әл-Фараби мемлекет, саясат және билік ұғымдарын кей жағдайда өзара жақын мағынада қолданады, алайда Платоннан айырмашылығы – оның ілімінде қоғам ұғымы мемлекет ұғымынан бұрын тұрады. Қоғам мемлекеттік құрылым ретінде өмір сүрмеуі мүмкін, бірақ мемлекет әрқашан қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады. Аристотельдің идеяларын жалғастыра отырып, әл-Фараби мемлекетті адамдардың қан туыстығына немесе әскери одаққа негізделген бірлестік емес, бақытқа жетуге деген ортақ ұмтылыстан туындайтын саяси қауымдастық деп анықтайды. Осылайша, әл-Фараби үшін мемлекет – адам мен қоғамның рухани кемелдікке жетуін қамтамасыз ететін, ізгілікке негізделген тұтас жүйе болып табылады.

Адамдардың саяси бірлестікке ұмтылуы – тіршілік етуге қажетті құралдарды бірлесіп табу қажеттілігінен туындайтын табиғи заңдылық. Әл-Фараби бұл туралы былай дейді: «Адам өз табиғаты бойынша солай жаратылған, – дейді ол, – өзінің өмір сүруі мен ең жоғары кемелдікке жетуі үшін көптеген нәрселерге мұқтаж. Бірақ ол нәрселердің барлығын жалғыз өзі қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан адам өзіне қажет дүниелердің жиынтығынан әрқайсысын бөлек-бөлек жеткізіп беретін адамдар қауымына мұқтаж. Сол сияқты әрбір адам өзге біреуге дәл сондай қатынаста болады. Міне, сондықтан да өзара көмектесетін көптеген адамдардың бірігуі арқылы ғана, әркім өзгенің өмір сүруіне қажетті нәрсенің бір үлесін беріп отырған жағдайда ғана адам өз табиғатына сай кемелдікке жете алады... Сол себепті де адамзат қоғамдары пайда болды» [3]. Осы пайымдау арқылы әл-Фараби адамның табиғаты әлеуметтік болмыспен тығыз байланысты екенін және оның өмір сүруі басқа адамдармен бірлескен іс-әрекетке тәуелді екенін негіздейді. Философтың түсінігінде, Жоғары Игілік пен кемелдікке жету тек қоғамдық ұйымдасу арқылы, яғни «қала» өмірі арқылы мүмкін. Ол «қаланы» адамзат қоғамының дамуындағы ең жоғарғы саты ретінде қарастырады. Әл-Фараби үшін идеал – «қайырымды қала», яғни тұрғындары бір-біріне өзара жәрдемдесіп, ең жоғары кемелдікке, шынайы бақытқа ұмтылатын қоғам [4, 196–197 б.].

Ойшылдың әлеуметтік-саяси ілімінің өзегін адам денесінің, қоғамның (қаланың) және ғаламның құрылымдық тұтастығын бейнелейтін үйлесімділік идеясы құрайды. Әл-Фараби қоғамның құрылымын ғаламдық қатынастың ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, оны тұтас философиялық дүниетаным шеңберінде түсіндіреді. Оның пікірінше, қоғамның дамуы үшін адам алдымен ғаламның ішкі бірлігін, яғни Бірінші және Екінші себептердің, сондай-ақ, Белсенді Ақылдың мәнін танып-білуі қажет. Ғаламдағы үйлесімділікті түсіну - мәңгілік білімге жол ашудың және сол арқылы үйлесімді қоғам орнатудың басты шарты.

Әл-Фараби «Азаматтық саясат» еңбегінде жоғарғы билік өнеріне айрықша мән береді. Ол билікті адамдардың бақытына жетуіне жағдай жасайтын негізгі құрал ретінде қарастырады. Философияның түпкі мақсаты – адамды кемелдікке,

ал кемелдіктің жоғарғы нүктесі – бақытқа жеткізу. Сондықтан әл-Фарабидің саяси ілімі моральдық сипатқа ие: бақытқа жету адамның ерік-жігерін жетілдіруімен және нәпсіні ақылға бағындыруымен тығыз байланысты. Әл-Фараби іліміне сәйкес, ақыл заңдарына сай өмір сүретін адамдар өзара жауласпайды, керісінше, бір-біріне қолдау көрсетіп, қоғам игілігі жолында бірлесе әрекет етеді. Мұндай адамдар рухани тұрғыдан еркін, адамгершілік жағынан жетілген және өзін-өзі кемелдендіруге қабілетті тұлғалар болып табылады. Осылайша, әл-Фарабидің философиялық ілімі адамның әлеуметтік табиғатын, қоғамның үйлесімді құрылымын және бақытқа жетудің моральдық шарттарын біртұтас жүйеде қарастырып, адам мен қоғамның рухани кемелденуінің тұжырымдамасын ұсынады.

«Азаматтық саясат» атты еңбегінде, яғни оның алғашқы әлеуметтік-саяси идеялары көрініс тапқан трактатында, философ қоғамның пайда болуы мен дамуының себебін адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін өтеу қажеттілігімен байланыстырады. Кейінірек «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактатында» әл-Фараби қоғамның әртүрлі түрлерін – отбасы, қалалық аудан тұрғындары, қауым, қайырымды және надан (қайырымсыз) қала тұрғындары және т.б. – неғұрлым терең талдауға тырысады.

Араб-мұсылман мәдениеті негізінен қалалық мәдениет болған, сондықтан қала әкімшілік-аумақтық және саяси-экономикалық орталық ретінде аса маңызды рөл атқарды [5, 156–214 б.]. Әл-Фараби өз еңбектерінде «қала» ұғымын түрлі мағыналық деңгейлерде қолданады. «Қала» – жай ғана әкімшілік бірлік емес, ол саяси өмірге азаматтық қатысуға негізделген адамдардың мемлекеттік ұйымын білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, әл-Фарабидегі «қала» ұғымы ежелгі грек полисімен мағыналас.

Өзінің саяси идеалдарын әл-Фараби «қайырымды» және «надан» (немесе «қайырымсыз») қалаларды салыстыру арқылы дамытады. Ол адамзат бақытқа тек моральдық жетілу арқылы жете алады деп сеніп, бұл жолды қоғамның ағартушылық деңгейімен байланыстырады. Әл-Фараби утопиялық түрде білімді – ізгіліктің, ал надандықты - адам бойындағы кемшіліктер мен жамандықтардың бастауы деп есептейді. Қайырымды және надан қалалар тұрғындарының адамгершілік бағыт-бағдары арқылы ойшыл жақсылық пен жамандық, әділет пен әділетсіздік, теңдік пен еркіндік сияқты ұғымдарға өзіндік философиялық түсінік береді.

Адамзат қауымдастығының қоғамдық идеалы – «қайырымды», яғни кемел қала – әл-Фарабиде «қарсы салыстыру» логикалық әдісі арқылы айқындалады. Мінсіз қалаға қарсы қойылған «надан» қалалар оның әлеуметтік-саяси тұжырымдарын айқындай түседі. Әл-Фараби бұл сипаттамалар арқылы өз заманының шығыс феодалдық қоғамындағы әлеуметтік кемшіліктерді бейнелеген деуге болады. Феодалдық және әскери аксүйектерді ол «даңққұмар» және «билікқұмар» қалалармен, ал еңбекші халық пен саудагерлерді – «қажеттілік» және «айырбас» қалаларымен байланыстырады. Шығыс дәстүрінде сауда жоғары бағаланғанымен, әл-Фараби «айырбас қаласын» «төмен қала» ұғымымен теңестіреді. Ол «төмен қала» – «айырбас қаласының» жетілген түрі деп түсіндіреді. Мұндай қауымдастықтар тән рақаттарына ұмтылып, бұрынғы құндылық жүйелерін шектен тыс және ойсыз тұтынуға бейім келеді. Бұл өз кезегінде қоғамның рухани және мәдени құлдырауына алып келеді.

«Қажеттілік» қаласы – өмір сүруге қажетті табиғи игіліктерді бірлесіп табуға бағытталған қауымдастық болғанымен, ол адамның ең жоғарғы кемелдік дәрежесіне жетуіне жағдай жасай алмайды. Мұндай қала – адамның саяси табиғатының көрінісі. Болмыстың мәңгілік шындығын (Бірінші Себепті) танымайынша, мұндай қалалардың тұрғындарына «қайырымды қалаға» ену мүмкін емес. Дегенмен, әл-Фараби тәрбиенің және білімнің көмегімен мұндай мүмкіндік бар екенін жоққа шығармайды. Ал даңқ пен атаққа жету мақсатында өзара көмек көрсетуге негізделген қауымдар («рөлдік» қоғам үлгісі) – шынайы еркіндікке қол жеткізе алмайтын өткінші қауымдастықтар, өйткені олардың өмір сүруі сыртқы әлеуметтік рөлдермен шектелген.

Әл-Фараби қоғамның өмір сүру мақсаты ретінде басқа халықтарды бағындыруды көздеуді адамзат табиғатына және ақылға қарсы зиянды дәстүр деп санаған. Сондықтан ол «билікқұмар» қалаларды «надан» қалалардың бір түрі ретінде атап, өз еңбегі «Азаматтық саясатта» қатал сынға алады. Философ соғысқұмарлықты, билеушілердің ашкөздік пен өзімшілдік ниеттерінен туындайтын соғыстарды айыптап, адамдар арасындағы жалпы жаулық идеясын теріске шығарады. Сонымен қатар, ол адамзаттың табиғи өзара тәуелділігін дәлелдей отырып, соғысты толығымен жоққа шығармай, оны кей жағдайда «мәжбүрлі тәрбиелеудің» ерекше түрі ретінде қарастырады.

Әл-Фараби «надан» қалалардың табиғатын сипаттай отырып, олардың басқару жүйесінің ерекшеліктеріне, сондай-ақ қоғамды дағдарысқа әкелетін теріс өзгерістердің себептері мен тетіктеріне назар аударады. Оның пайымдауынша, мұндай қалаларда экономикалық даму мен рухани-адамгершілік жетілудің шектеулілігі қоғамдық игілікке жетудің басты кедергісі болып табылады. Бұл шектеулілік, ең алдымен, «надан» қалаларда айқын көрінсе, «адасқан» және «әдепсіз» қалаларда әлсіздеу байқалады.

Әл-Фараби қалалардың – қоғамдық бірлестіктердің күрделі жүйесі ретіндегі жұмыс істеу механизмін түсіндіру үшін екі негізгі өлшемді алға тартады: шынайы бақыт туралы білім немесе білмеу және оған жету жолындағы әрекет немесе әрекетсіздік. «Надан» қалаларда адамдар тек бақыттың мәнін білмей қоймай, соған жету жолында әрекет ету мүмкіндігінен де айырылған. Мұндай қалалар қазіргі заманның тоқырауға ұшыраған, белсенді өмірлік ұстанымы жоқ қоғамдарын еске салады, мұнда адамдарды әрекетке итермелейтін жалғыз қозғаушы күш – пайдакүнемдік пен есепшілдік.

Егер «надан» қалаларда шығармашылық пен белсенді іс-әрекетке негіз қаланбаған болса, «әдепсіз» қалаларда мұндай алғышарттар бар. Әл-Фараби үшін олардың басты ерекшелігі – шынайы бақыттың мәнін ғана емес, оған жетудің нақты жолдарын да білуінде. Алайда мұндай қоғамдарда әлеуметтік идеалға жетуге кедергі болатын бір ғана себеп бар – ол бар білім мен сенімге қарсы бағытталған әлеуметтік белсенділік түрлері. Ойшылдың пікірінше, әлеуметтік тұрғыда «әдепсіздік» – бақыттың және оған жету жолдарының мәнін білетін, бірақ соған қарама-қарсы әрекет ететін адамдар мен әлеуметтік топтардың мінез-құлқын білдіреді. Әл-Фараби ұсынған қалалар классификациясында адамгершіліктің әлеуметтік мәртебесі негізгі өлшемдердің бірі болып табылады. Бұл мәселе бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол тек жеке тұлғаның рухани және моральдық жетілуі тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар қазіргі

қоғамдардың әлеуметтік-саяси даму бағытын айқындау тұрғысынан да үлкен маңызға ие.

«Адасқан» қалалардың «әдепсіз» қалалардан айырмашылығы – жалған білімге және қоғамдық өмірді ұйымдастырудың иллюзорлық қағидаларына сүйенеді. Мұндай қоғамдарда бастапқыдан-ақ қоғамдық кемелдікке жету мүмкіндігі шектеледі. Әл-Фараби «әдепсіз» қалаларды «ұжымдық» қалалармен салыстырады. Оларды біріктіретін ортақ идея – ешбір моральдық қағидалармен шектелмеген ерік үстемдігіне негізделген анархия ұстанымы. Мұндай қалаларда мақсатты ынтымақтастықтың негізі болмайды.

Ортақ мақсаттар мен ынтымақтаса әрекет ету ниетінің болмауы, сондай-ақ шексіз еркіндікке ұмтылу – әл-Фараби сипаттаған «ұжымдық» қаланың басты белгілері. Бұл қала «надан» қалалардың иерархиясында соңғы, алтыншы орында тұр. Әл-Фарабидің осы типтегі қалаға көзқарасы екіұшты. Бір жағынан, басқарусыз қоғам анархия мен ретсіздікке алып келеді, бұл философ үшін әлеуметтік зұлымдықтың көрінісі. Екінші жағынан, шексіз еркіндікті ұстанатын мұндай қоғамда әл-Фараби тәртіп (жоғары) пен хаос (төменгі) арасындағы қайшылықты адамның шығармашылық қабілетінің көрінісі, яғни «жаратушы күштің» айғағы ретінде қарастырады. Әл-Фарабидің пайымдауынша, еркіндік ұмтылысы адамның бойында үнемі қайшылық тудырады - ол нені таңдауға және неден бас тартуға тиіс екенін, әлеуметтік нормалар мен олардан ауытқулардың арасындағы тепе-теңдікті сақтауды талап етеді. Ортағасырлық Шығыста жеке тәуелділік пен билік беделі үстем болған жағдайда, олардың антиподы - абсолютті еркіндікке ұмтылу заңды құбылыс еді. Алайда әл-Фараби хаос пен тәртіптің өзара байланысы, яғни қоғам дамуының өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі күйрету процестері ретінде алмасып отыратынын терең талдап көрсетпеді.

Еркіндікті әлеуметтік құбылыс ретінде екіұшты бағалау әл-Фарабидің «ұжымдық» қалаға деген ерекше көзқарасын анықтайды. Оның пікірінше, еркін рух қағидасы қоғам азаматтарының теңдігін қамтамасыз етіп, әр адам үшін еркіндікті кеңейтетін билік түрін ең тиімді басқару моделі ретінде белгілейді. Мұндай қоғамда билік халықтың еркімен сайланады және тек солардың қалауы бойынша жүзеге асырылады. Әл-Фарабидің саяси ілімінде «ұжымдық қала» моделі мінсіз қаланың алғашқы үлгісі ретінде көрінеді. Қоғамдық құрылымның бұл түрі барлық кемшіліктеріне қарамастан, жеке тұлға еркіндігі ұғымын жаңаша түсіндіруімен ерекшеленеді.

Әл-Фараби «ұжымдық» қалаға қарсы ретінде «қайырымды қаланы» ұсынады – ол барлық жетілмеген қалалардың теріс қасиеттерінен арылған мінсіз қоғамның бейнесі. Мұндай қалада шынайы бақыт туралы дұрыс білім мен сол білімге сай әрекет бірлікте жүзеге асады. Әл-Фарабидің «Азаматтық саясат» еңбегінде еркіндік идеясы кемел қоғамдағы билік механизмін негіздеу арқылы көрініс табады. Мінсіз қалада саяси басшының (қала басшысының) абсолютті еркіндігі басқарудың ерекше сипатын анықтайды. Мұнда тек табиғи шектеулерге – яғни билеушінің тумысынан бойына біткен даналық, ізгілік және ақыл-парасат сияқты қасиеттеріне ғана жол беріледі.

Әл-Фараби мемлекеттік басқару нысандарын талдауға айрықша көңіл бөледі. Ол басқарудың екі шартты түрін ажыратады: 1) ерікті басқару – шынайы бақытқа жеткізетін өмір салтын орнатуға бағытталған; 2) надандық басқару – қоғам

идеалынан алыстататын бағыт. Әл-Фарабидің пайымдауынша, басқару өнерін меңгеру тек басқару теориясын игерумен шектелмейді, ол сонымен қатар ұзақ саяси тәжірибе арқылы қалыптасады. Осы екі қырдың үйлесімі нақты жағдайда ең қолайлы басқару түрін анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан әл-Фараби мемлекеттік басқару нысандары туралы мәселені қала басшысына қойылатын талаптар тұрғысынан қарастырады. Басшы даналыққа, мемлекеттік заңдар мен басқару қағидаларын білуге, оларды іс жүзінде қолдану қабілетіне, әскери істі меңгеруге, әділеттілікке, ақиқатқа сүйіспеншілікке және тағы басқа қасиеттерге ие болуы тиіс – барлығы он екі қасиет. Алайда, ең басты басымдық оның тәрбиеші ретіндегі қасиеттеріне беріледі. Басшы халықты жалпыға ортақ бақытқа жетелейтін бағытта сауатты түрде басқаруы керек. Мұндай дарын мен қабілет тек табиғи ұлылыққа ие, белсенді ақылмен байланысы бар адамда ғана болуы мүмкін.

Әл-Фараби, барлық ізгі қасиеттердің бір адам бойында толық тоғысуы екіталай екенін түсінгендіктен, егер мұндай қасиеттердің бәрі бір адамның бойынан табылмаса, бірақ екеуінің бірі данышпан, екіншісі қалған талаптарға сай болса, онда екеуі бірігіп қала басшысы бола алады деп көрсетеді.

X ғасырдағы араб-мұсылмандық Шығыста қоғамдық-саяси қатынастардың жетекші түрі - жеке тәуелділік қатынастары болды. Әл-Фараби феодалдық монархияны мемлекеттік басқарудың ең беделді түрі ретінде мойындады. Тұлға мен қоғам арасындағы әлеуметтік байланыстардың басым сипаты ортағасырлық шығыс қоғамының ұйымдасуының негізгі қағидатын айқындады: саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан билеушінің шексіз билігі. Жеке адамның рухани өмірі, егер ол мемлекетке қарсы әрекеттер туғызбаса, әркімнің ішкі ісі ретінде танылды. Әл-Фараби, шамасы, теократиялық құрылымды қолдаушы болған. Алайда ол кемел қоғамда «аса лайықты» билеушілердің ұжымдық басқару мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Бұл идея сол дәуірдегі мұсылмандық қоғамдық ой үшін жанашыл құбылыс болды.

Бақытқа жетуге дін де белгілі бір деңгейде ықпал етуі тиіс. Мәдени тұрғыдан алғанда, сенімге төзімділік жағдайында әртүрлі діни-қауымдық дәстүрлердің – араб-мұсылман, араб-христиан, сирия-христиан, иудей, иран-мұсылман, иран-зороастризм және басқа да бағыттардың – өзара игі ықпалдастығы жүзеге асты. IX–X ғасырларда ортақ рухани құндылықтар мен мақсаттарды бөліскен мұсылмандар, пұтқа табынушылар, иудейлер мен христиандар антикалық ғылыми және философиялық мұраларды зерттеу негізінде ынталанып, ғылыми жиналыстарға (мәжіліс, даналық үйлері) бірікті. Бұл ортада еркін ойлау рухы, пікір мен идеялардың еркін алмасуы, ақиқаттың біртұтастығына және барлық діндердің адамзат ақиқатын бейнелі түрде жеткізетініне сенім үстем болды. Дін философиядан алшақ бұқара халықты ағартудың бір түрі ретінде пайдалы деп танылды. Әл-Фараби өзіне тән кең дүниестаныммен қандай да бір нақты дінді емес, жалпы дінді – дүниені қабылдаудың ерекше тәсілі ретінде қарастырады. Мұсылмандық орта ғасырдың өзге ойшылдарынан айырмашылығы, әл-Фараби «ізгі» қалалар мен халықтар түрлі дінді ұстануы мүмкін, бірақ оларды сенім ортақ бақытқа біріктіріп тұрады деп есептейді. Сондықтан әл-Фарабидің кемел мемлекет туралы ілімінде исламдық идеологияға немесе әлеуметтік идеалға жетудегі шариғаттың рөліне тікелей сілтемелер кездеспейді. Бұл бағыт оның сенімнен гөрі логикалық дәлелге басымдық беру ұстанымымен түсіндіріледі.

Әл-Фараби ілімі Құдайды Бірінші Себеп ретінде рационалды түрде тану мен түсіндірудің мүмкіндігін бекітеді. Бір жағынан, әл-Фарабидің философиялық көзқарасы түпкі мақсаттары жағынан өз дәуіріндегі теологиялық түсініктерге жақын. Екінші жағынан, оны толықтай діни дәстүршіл көзқарастармен теңестіруге болмайды. Жалпы алғанда, оның кемел қала туралы тұжырымдамасы – діннен жоғары сипатқа ие.

Қорытынды

Әл-Фарабидің саяси философиясы қоғам өмірінің көптеген қырларын талдау арқылы әртүрлі саяси қауымдастықтардың қызмет ету қағидаттары мен нормаларын зерттейді, яғни адамдарды басқарудың қағидаларын және саяси бірлестіктердің қызметі арқылы жалпы бақытқа жету жолдарын айқындайды. Бұл ретте мемлекет – бақытқа жетудің тек құралы болып табылады. Әл-Фараби философияны, соның ішінде саяси философияны да, гуманистік білім берудің жоғары мақсаты деп таныды. Ақылға негізделген әрекетті ол адам өмірінің мәні мен мақсаты, адамның шығармашылық белсенділігінің ең жоғары көрінісі, ең ұлы игілікке жеткізуші күш деп білді. Ойшылдың түсінігінде адам өмірі — үздіксіз таным процесі, оның нәтижесінде адам кемелдікке жетіп, адамзаттылықтың сатысымен жоғары көтеріледі. Бұл сатылар ақылдың даму деңгейлеріне сәйкес келеді: потенциалды ақыл, жүре келе қалыптасқан қисынды, яғни иеленген ақыл және әрекетшіл, белсенді ақыл. Жаны таза, әрекетшіл ақылдағы барлық формаларды қамтыған философ кемел «ізгі қаланың» билеушісі болуы тиіс. Әрекетшіл ақыл иесі болған билеуші ақиқатты біледі және философ ретінде әрекет етеді. Ал философияның ақылмен ұғынылатын мәнін түсіне алмайтын адамдарға ол Бірінші Болмыстың бар екендігі туралы түсінік беріп, дін пайғамбарының қызметін атқарады. Ойшылдың идеяларын антикалық әлемнің этико-философиялық көзқарастарымен үйлесімді түрде біріктіруі әл-Фарабиге мұсылмандық Шығыста алғашқы әлеуметтік-саяси тұжырымдаманы жасауға мүмкіндік берді. Бұл тұжырымдама адамгершілік парыз жүйесіне негізделген еді.

Әл-Фараби философиясы - адамның табиғаты, оның өмірінің мәні, ғаламдағы орны, қоғамдағы рөлі және мемлекеттік бірлестіктің мәні сияқты мәселелерді қамтитын, мәні жағынан терең әрі гуманистік ілім. Әл-Фарабидің адам мен қоғам туралы ілімінің үш негізгі қырын бөліп көрсетуге болады: жалпы рационалистік ұстаным, өмірді түсінудің эвдемониялық, яғни бақытқа бағытталған принципі және ақыл мен адамгершіліктің өзара байланысы қағидаты. Әл-Фарабидің гуманизмі осы негіздер арқылы оның ақыл, бақыт және ізгілік туралы ілімінде көрініс тапқан, бұл құндылықтар адам болмысына тән. Адам бақытқа ізгі істерімен ерікті түрде, өз қалауымен жасалатын сондай әдемі жан күйі арқылы жете алады. Әл-Фараби адамның бұл дүниеде өз болмысымен бақытқа жету қабілетіне сүйене отырып, әр адамның бақытқа құқылы екендігін дәлелдейді. Ол адамның өмірін жақсартудың жолын көрсетіп, «ізгі қаланың» кемел, дана билеушісі туралы ілімін дамытты. Мұндай билеуші адам мен мемлекеттің игілігіне бағытталған саясат жүргізе алуы тиіс. Бұл идеялар өз мәнін бүгінгі күнге дейін жоғалтқан жоқ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Игнатенко А.А. В поисках счастья: общественно-политические воззрения арабо-исламских философов средневековья. М.: Мысль, 1989. – 255 с.
- 2 Гулям Хосейн Ибрахиме Динани. Аль-Фараби и религия // Наследие аль-Фараби и мировая культура. Материалы Международного конгресса (28-29 сентября 2000). Алматы: КИЦ ИФиП, 2001. – 475 с.
- 3 Аль-Фараби. Философские трактаты. Алма-Ата: Наука, 1972. – 430 с.
- 4 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. Алма-Ата: Наука, 1973. – 400 с.
- 5 Большаков О.Г. Средневековый арабский город //Очерки истории арабской культуры V-XV вв. Материалы и исследования. М.:Наука, 1982. – 440 с.

Transliteration

- 1 Ignatenko A.A. V poiskah schast'ya: obshchestvenno-politicheskie vozzreniya arabo-islamских filosofov srednevekov'ya [In Search of Happiness: Socio-Political Views of Arab-Islamic Philosophers of the Middle Ages]. - M.: Mysl', 1989. – 255 s.
- 2 Gulyam Hosejn Ibrahime Dinani. Al'-Farabi i religiya [Al-Farabi and religion] //Nasledie al'-Farabi i mirovaya kul'tura. Materialy Mezhdunarodnogo kongressa (28-29 sentyabrya 2000). - Almaty: KIC IFiP, 2001. – 475 s.
- 3 Al'-Farabi. Filosofskie traktaty [Philosophical treatises]. Alma-Ata: Nauka, 1972. – 430 s.
- 4 Al'-Farabi. Social'no-eticheskie traktaty [Social and ethical treatises]. - Alma-Ata: Nauka, 1973. – 400 s.
- 5 Bol'shakov O.G. Srednevekovyj arabskij gorod [Medieval Arab city] //Ocherki istorii arabskoj kul'tury V-XV vv. Materialy i issledovaniya. - M.: Nauka, 1982. – 440 s.

Калишева Н.Х., Нусипова Г.И.

Учение Абу Насра аль-Фараби в контексте идеалов общечеловеческого гуманизма

Аннотация. В данной статье представлен развернутый анализ политико-правовых взглядов Абу Насра аль-Фараби в свете утверждения идеалов общечеловеческого гуманизма. В этом контексте рассматриваются принципы и нормы функционирования различных типов политических сообществ, способствующих выработке руководств управления людьми и реализации счастья через деятельность политических объединений. Особое внимание уделяется вопросам социализации человека, формирования общества и факторов общественной устойчивости. Анализируются ключевые категории философии аль-Фараби - свобода, справедливость, добродетель, счастье и разум, которые составляют нравственно-гуманистическую основу его учения о совершенном обществе и «добродетельном городе». Показано, что мыслитель рассматривал государство как средство достижения всеобщего счастья, а правителя - как носителя активного разума, мудрости и нравственности.

Отдельное место занимает анализ взглядов аль-Фараби на религию, которую он понимал как форму просвещения, допускающую гармоничное сосуществование различных верований в рамках единого гуманистического идеала. Философия аль-Фараби, органично соединившая античную и исламскую интеллектуальные традиции, утверждает равенство людей в праве на счастье, духовное совершенствование и свободный выбор. Идеи мыслителя о разуме, справедливости и нравственном

управлении не утратили своей значимости и сегодня, сохраняя актуальность в контексте современных гуманистических и социально-философских поисков.

Ключевые слова: аль-Фараби, политика, религия, общество, добродетельный город, гуманизм, совершенство, счастье.

Kalisheva N.Kh., Nussipova G.I.

The Teaching of Abu Nasr Al-Farabi in the Context of the Ideals of Universal Humanism

Abstract. This article presents a comprehensive analysis of Abu Nasr al-Farabi's political and legal views in light of the affirmation of the ideals of universal humanism. In this context, the principles and norms governing various types of political communities are examined, revealing how they contribute to the development of guidelines for managing people and achieving happiness through the activities of political associations. Particular attention is given to the issues of human socialization, the formation of society, and the factors of social stability. The key categories of al-Farabi's philosophy - freedom, justice, virtue, happiness, and reason are analyzed as the moral and humanistic foundation of his doctrine of the perfect society and the virtuous city. It is shown that the thinker viewed the state as an instrument for achieving universal happiness, and the ruler as the bearer of active intellect, wisdom, and morality.

A special section is devoted to al-Farabi's views on religion, which he understood as a form of enlightenment allowing for the harmonious coexistence of diverse beliefs within a single humanistic ideal. Al-Farabi's philosophy, which organically synthesized ancient and Islamic intellectual traditions, affirms the equality of all people in their right to happiness, spiritual perfection, and free choice. The thinker's ideas on reason, justice, and moral governance remain relevant today, retaining their significance in the context of contemporary humanistic and socio-philosophical inquiries.

Keywords: al-Farabi, politics, religion, society, virtuous city, humanism, perfection, happiness.

Келін түсті 09.10.2025

Қабылданды 12.11.2025